

**Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің
№9 «Бәйтерек» бөбекжайы жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорнының
Өзін-өзі бағалау жүргізу жөніндегі педагогикалық кеңесінің
Хаттамасы**

30.03.2023ж

Қатысқандар: 28 педагог

Күн тәртібінде:

1. Бөбекжайдың кезекті мемлекеттік аттестаттаудан өткізілуі туралы.
2. Бөбекжайдың өзін-өзі бағалау комиссиясының міндеттерін бөлу туралы.

Тыңдалды: Өзін-өзі бағалау комиссиясының төрайымы Титанова М.У.

Кеңестің 1 мәселесі бойынша 2023 жылдың шілде айында бөбекжайдың мемлекеттік аттестаттаудан өткелі жатқанын мәлімдеді. Мемлекеттік аттестаттау 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша жүргізілетінін айтты. Осыған байланысты бөбекжайдың өзін-өзі бағалау комиссиясы құрылғанын мәлімдеді. Педагогтерге оқу-тәрбие жұмыстарының перспективалық жоспарлары мен циклограммаларын, тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының даму деңгейлерін бақылау мониторингілерін жинақтау керек екенін тапсырды. Кеңестің 2 мәселесі бойынша өзін-өзі бағалау комиссиясы мүшелерінің міндеттерін бөлу туралы мәлімдеді.

Комиссиясы мүшелеріне өзін-өзі бағалайтын кезеңге байланысты төмендегі міндеттер жүктеді:

Комиссия мүшесі-әдіскер Ибадуллаева М.Н:

- Білім беру ұйымдарының бағалау өлшемшарттарына сәйкес мектепалды даярлық топтарының тәрбиеленушілерінің ата-аналарына (заңды өкілдіріне) телеграмм арқылы сауалнама жүргізу
- Білім беру ұйымдарының бағалау өлшемшарттарының талабына сәйкес балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін толтыру;
- Білім беру ұйымдарының бағалау өлшемшарттарының талабына сәйкес педагог және оқытушы кадрлермен жасакталу туралы мәліметтер жинақтау;
- Білім беру ұйымдарының бағалау өлшемшарттарының талабына сәйкес медициналық қызмет көрсетудің, оның ішінде медициналық пунктiнiң болуы және медициналық қызметке берiлген лицензия туралы мәліметтерді толтыру;
- Оқу-тәрбие жұмыстарының перспективалық жоспарларымен циклограммаларын PDF форматта сканерлеу;
- Тәрбиеленушілерінің біліктері мен дағдыларының даму деңгейін бақылау мониторингілері мен даму карталарын PDF форматта сканерлеу;
- Ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесін, күн тәртібін, бекітілген жылдық жоспарларды PDF форматта сканерлеу;
- Педагогтердің жоғары мен немесе арнаулы орта білімі туралы дипломдарын (қайта даярлау туралы куәліктерін), біліктілік санаты туралы куәліктерін, біліктілік арттыру курстарының сертификаттарын PDF форматта сканерлеу;

- Ғарыш-көзүн көрдік университетілік конкурстарға қатысу нәтижелерін (дипломдарын) PDF форматта сканерлеу;
- Шығарманылық, көркемдік конкурстар мен байқауларға қатысу нәтижелерін (дипломдарын) PDF форматта сканерлеу;
- Педагогтар жетістіктерінің нәтижелерін (дипломдарын) PDF форматта сканерлеу;

Комиссия мүшесі-тарауашылық менгерушісі: Куанова А.Д.

- Білім беру ұйымдарының бағалау өлшемшарттарына сәйкес пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтерді толтыру;
- Білім беру ұйымдарының бағалау өлшемшарттарының талабына сәйкес білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету, оның ішінде компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтерді толтыру;

Комиссия мүшесі-есепші: Новрузчаева А.Х.

- Жабдыктар мен жиһазға жұпқұжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмесін жинақтау;

Комиссия төрайымы-директор Титанова М.У:


- Білім беру ұйымдарының бағалау өлшемшарттарына сәйкес бағалау қорытындысын шығару;
- Білім беру ұйымдарының бағалау өлшемшарттарына сәйкес бағалау парағын толтыру.

Шешім:

1. Өзін-өзі бағалау комиссия мүшелерінің міндеттері бекітілсін.
2. Өзін-өзі бағалау комиссиясы бөбекжайдың мемлекеттік аттестаттау алдындағы өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізілсін.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



Титанова М.У.

Байманова С.Б.